

## Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы

### *Күші жойғал*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2010 жылғы 2 ақпандағы № 190 шешімі. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 наурызда № 9-8-147 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 20.02.2015 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Барлық мәтіні бойынша "автотұрақтар" сөздерінен кейін "(паркингтер), Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің 386 бабының 1-1 тармағында көрсетілгеннен басқа" сөздермен толықтыру - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2010.10.21 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 387 бабына және әкімдіктің 2009 жылдың 5 қарашасындағы № 224 "Жер салығының базалық ставкаларына ұсынылған түзету коэффициентерін Денисов аудандық мәслихатының бекітуіне енгізу туралы" қаулысына сәйкес және жерлерді аймақтарға бөлу жобасының (схемасының) негізінде мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 378, 379, 381, 383 баптарымен белгіленген № 5 аймақта орналасқан жерлер үшін автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкалары 10 п а й ы з ғ а т ө м е н д е т і л с і н .

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2012.04.09 № 25 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 378, 379, 381, 383 баптарымен белгіленген жер салығының базалық ставкалары жоғарлатылсын:

№ 7 аймақта, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, 10 пайызға;

№ 8 аймақта, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, 20 пайызға;

№ 9 аймақта, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, 30 пайызға;

№ 10 аймақта, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, 40 пайызға;

№ 11 аймақта, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, 50 пайызға.

**Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2012.04.09 № 25 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының кезекті  
он үшінші сессиясының төрағасы *В. Бездольный*  
*Денисов* аудандық  
мәслихатының хатшысы *Б. Тойбағоров*  
КЕЛІСІЛДІ:

"Денисов ауданының жер қатынастары  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ *А. Киселев*

"Қазақстан Республикасының қаржы  
Министірлігінің Салық комитеті  
Қостанай облысы бойынша Салық  
Департаменті Денисов ауданы  
бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
\_\_\_\_\_ *Б. Мақашев*